

Денсаулық сақтау саласындағы стандарттау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 ақпандағы N 184 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 ақпандағы
№ 68 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2014 № 68 қаулысымен.

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы
4 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының
Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Денсаулық сақтау саласындағы стандарттау ережесі;
- 2) Денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і н ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 6 а қ п а н д а ғ ы
N 1 8 4 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Денсаулық сақтау саласындағы стандарттау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының "Стандарттау туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі, "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және денсаулық сақтау саласында стандарттау жүргізудің тәртібі мен шартын белгілейді. К090193

2. Денсаулық сақтау субъектілері өзінің қызметінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) белгілеген денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды басшылыққа алуы тиіс.

3. Денсаулық сақтау саласындағы стандарт - қызметтің әртүрлі түрлеріне

немесе олардың нәтижелеріне қатысты ережелерді, жалпы қағидаттарды немесе сипаттамаларды денсаулық сақтау саласында жалпыға ортақ және көп дүркіндік пайдалануды белгілейтін мүдделі тараптардың келісімінің негізінде уәкілетті орган әзірлеген құжат.

4. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттау - нақты қолданыстағы немесе әлеуетті міндеттерге қатысты жалпыға ортақ және көп дүркіндік пайдалану үшін саладағы ережелерді ретке келтірудің оңтайлы дәрежесіне жетуге бағытталған уәкілетті органның қызметі.

5. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттар:

- 1) ұйымдастыру технологияларын;
- 2) медициналық қызметтер көрсетуді;
- 3) медициналық, дәрігерлік және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыру процесінде пайдаланылатын технологияларды;
- 4) дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды өндіруді, сатудың шарттарын олардың сапасын;
- 5) медицина және фармацевтика қызметкерлерінің біліктілігін;
- 6) есепке алу-есеп беру құжаттамасын қамтиды.

6. Денсаулық сақтау стандарттары денсаулық сақтау ұйымдары және жеке медициналық іс-тәжірибемен айналысатын жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

2. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттау тәртібі

7. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды уәкілетті орган әзірлейді.

8. Уәкілетті орган денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды әзірлеудің қажеттілігін белгілейді және конкурстық негізде денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды әзірлеуді ұйымдастырады.

9. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды әзірлеу жөніндегі жұмыстарды іске асыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттардың шегінде жүзеге асырылады.

10. Конкурсты өткізу тәртібін, конкурстық комиссия туралы ережені және оның құрамын уәкілетті орган белгілейді.

11. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың әзірленген жобалары денсаулық сақтау саласындағы стандарттау жөніндегі сараптама кеңесіне - денсаулық сақтау саласындағы стандарттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін уәкілетті орган құрған жұмысшы органға ұсынылады.

12. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттау жөніндегі сараптама кеңесі туралы ереже мен оның құрамы уәкілетті орган басшысының бұйрығымен бекітіледі.

13. Денсаулық сақтау стандарттарын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілейді және есептік тіркелуге жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 6 а қ п а н д а ғ ы
N 1 8 4 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының "Стандарттау туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі, "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және денсаулық сақтау саласындағы стандарттаудың сақталуына бақылау жүргізу тәртібін белгілейді. К090193

2. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың сақталуын бақылауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

3. Денсаулық сақтау саласындағы жекелеген стандарттардың сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

4. Денсаулық сақтау субъектілерінің денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын бұзу фактілерін анықтау, тыю және жою денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың сақталуын бақылаудың негізгі міндеттері болып табылады.

2. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

5. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың сақталуын бақылауды ағымдағы және жоспарлы тексерулер арқылы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

6. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың сақталуын бақылау денсаулық сақтау субъектілерінде денсаулық сақтау саласындағы процестерді,

жұмыстар мен қызметтерді орындау кезінде, сондай-ақ өнімдерді немесе қызметтерді өндіруге, дайындауға, сатуға, қолдануға (пайдалануға), сақтауға, тасымалдау мен пайдаға асыруға әзірлеу мен жеткізу сатыларында жүзеге асырылады.

7. Денсаулық сақтау субъектілерінің денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың сақталуы жөніндегі жоспарлы тексерулерінің кезеңдігін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган белгілейді.

8. Денсаулық сақтау саласындағы өнімдердің, процестердің (жұмыстардың) және қызметтердің қанағаттанарлықсыз сапасына азаматтардың тарапынан шағым жасалған кезде жоспардан тыс тексерулер жүргізілуі мүмкін.

9. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың сақталуы жөніндегі тексерулер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

10. Өзінің қызметінде денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды сақтамаған денсаулық сақтау субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган ықпал ету шараларын қолданады.

11. Денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың сақталуын тексеру кезінде туындайтын даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

12. Денсаулық сақтау субъектілері денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды сақтамаса Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тартылады.